

"Алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауға лицензия беру мәселелері туралы" қала әкімдігінің 2005 жылғы 13 шілдедегі N 830 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 06 наурыздағы N 293 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасының 2006 жылғы 03 сәуірде N 13-1-35 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2007 жылғы 1 қазанда N 1419 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2007.10.01 N 1419 Қаулысымен

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңының 28-бабына сәйкес, қала әкімі аппараты құрылымының өзгеруіне байланысты қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . "Алкоголь өнімдерімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауға лицензия беру мәселелері туралы" қала әкімдігінің 2005 жылғы 13 шілдедегі N 830 қаулысына (2005 ж. 26.07-гі N 13-1-13 мемлекеттік тіркеу, 2005 жылғы 12 тамыздағы N 32 "Добрый вечер" газеті) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының 2 тармағындағы "қала әкімі аппаратының жедел басқару бөлімі" сөздері "жинақтау-талдау бөлімі" сөздерімен ауыстырылсын;
аталған қаулымен бекітілген қосымшада:
бүкіл мәтін бойынша "жедел басқару бөлімі" сөздері "жинақтау-талдау бөлімі"
" сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Қ.С. Уәлиевке жүктелсін.

Қала әкімі